



Әжемнің ақылы

by Aida Kalymkhanova



Бауыржан әжесінің қасында, үйдің төрінде отыр. Әжесі оған ақыл-кеңес айтып отыр: «Үлкеннің алдын кесіп өтпе, сөзін бөлме». Бауыржан әжесінің әр сөзін мұқият тыңдап отыр.



Балалар далада ойнап жүр. Бауыржан бір апайды көріп, сәлем бермей өте шығады. Әжесі оған ашуланып, үлкендерге сәлем берудің маңыздылығын түсіндіреді. Бауыржан қатесін түсініп, ұялады.



Көрші ауылдан қонақтар келеді. Әжесі Бауыржанға қонақтардың атын байлауды тапсырады, бірақ Бауыржан бас тартады. Әжесі оған қонақтарды сыйлаудың маңызын айтады.



Бауыржан әжесінің сөзін тыңдап,
қонақтардың атын байлайды. Қонақтар оған
ризашылық білдіреді, ал әжесі оны
мақтайды.



Бауыржан әжесімен бірге далада серуендеп жүр. Ол үлкендерге сәлем беруді әдетке айналдырған. Бауыржанның бойындағы тәртіп пен ізеттілік көрініп тұр.



Бауыржан әжесімен бірге ас ішіп отыр.
Әжесі оған жақсы тәрбие бергеніне қуанады.
Бауыржан болашақта нағыз азамат болып
өсуге уәде береді.